



АСТАНА АКШАМЫ

БАРША ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРАТЫН КЕЗІ КЕЛДІ

Кеше Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Дүниежүзі қазактары қауымдастығының V құрылтайы өтті. Бұл жолы халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесінің аясында қанат жайған алқалы жиын Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласынан туындастырылған тұжырымдамалық идеяларға негізделді.



Құрылтайға қатысушылар 21-22 маусым күндері Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде, Әзірет Сұлтан мешітінде және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасында болып, «Қазақ елі» монументіне гүл шоқтарын қойды, «Этноауыл» кешенін аралап, Астана – Опера театрында «Қызы Жібек» операсын тамашалады.

Мерекелі құрылтай Тәуелсіздік сарайында салтанатты жағдайда ашылды. Оны қысқаша сөз сөйлеп ашқан Дүниежүзі қазактары қауымдастығы Төрағасының бірінші орынбасары Талғат Мамашев құрылтай жұмысына барлығы 750 делегат пен қонақтар қатысып жатқанын, олардың 350-і әлемнің 39 елінен келген қандастарымыз болып табылатынын баяндады. Қатысушылардың 60 пайызын 35-ке дейінгі жастар құрайды. Бұлардың арасында алдыңғы төрт құрылтайға қатыспаған 8 елдің азаматтары да бар. Делегаттардың дені – ғылыми-шығармашылық, педагогика, бизнес, спорт, бұқаралық ақпарат қуралдары салаларының өкілдері екен.



Келесі кезекте Елбасы Дүниежұзі қазактары қауымдастығының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев сөз алды. Ол өзінің сөзін алыста жүрген қандастарымыздың ата салтын сақтап, ана тілін ұмытпау үшін барын салатын қасиеттерін айта келіп, бұл үшін сол жастардың ата-аналарына ризашылығын білдірді. Тарихи отанынан жырақта жүрген бауырларымыз бір тамырын атамекенге жайып, туған елімен байланысты нығайтуға күш салады. Бұл құрылтай баламалы энергия бойынша жер жүзінің инновациялық жетістіктерін ашып көрсететін ЭКСПО-2017 көрмесінің аясында өтіп отыр.

- Біз әдейі осылай байланыстырдық. Себебі бұл – Қазақстанның мерейін асырып, күллі әлемнің назарын аударып отырған үлкен шара, – деді Нұрсұлтан Әбішұлы. – Біз қандас бауырларымыз атажұртының бүгінгі келбетін көріп, марқайсын, ой түйсін деп Сіздерді ЭКСПО-ға орай шақырдық. Бар болғаны 15 жылдың ішінде бой көтеріп, дүниені таңқалдырган елордамыз – Астананың өсіп-өркендереп жатқанын көрсін, куансын деп ойладық. Кеше жаңадан салынған театрда болдыңыздар, Қазақстанның марқайған, көркейген астанасын көрдініздер, әлі де аспай-саспай, елге келіп, аунап-қунап, біраз көріп қайтыңыздар.
- Алғашқы құрылтайдан бері, міне, 25 жыл уақыт өтті. Бәрі менің есімде. Адам бастан кешпеген қындықтарды көрдік, – деді Президент сөзінде. – XX ғасырда қазактың басынан кешпеген зұлматы жоқ. Бізге тәуелсіздіктің алғашқы 25 жылы да оңай болған жоқ. Ресей патшалығы мен Кенес Одағы аясында 150 жылдан артық уақыт бодан болдық. Түрлі зобаландарды бастан өткердік. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында экономикамыз тұралап, 2 миллион халық жұмыссыз босып қалды. Не жалақы, не зейнетақы төлей алмай, такырға отырып қалған кездер болды. Дегенмен, куллі қазактың жұмыла жұдырық болып бірігіп, ел болып жұмыс істеуінің арқасында келелі, үлкен табыстарға қол жеткіздік.



Жалпы орташа деңгейде өмір сүретін халықтардың көрсеткішіне қол жеткіздік. Сөйтіп, 40 пайыздық кедейшілікті З пайызға дейін төмендептік. Тәуелсіздік жылдар ішінде экономикамызды 22 есе өсірдік. Елдің табысы да 20 есе артты. Бұгінгі қазактың жағдайы, өмірі, тұрмысы ешуақытта қазақ тарихында болған емес. Бұл – тарих тұрғысынан қас-қағым сәт деп айтуға болады, бірақ тұтас дәуірге татитын дәуір болды деп айтатынымыз осы. Еліміздің болашаққа бастар бағыты мен мақсаты да айқын. Бұл жолдан да біз еттік.

Келесі кезекте Н.Назарбаев елімізді нығайту жолында бес институттық реформаны жүзеге асыру үшін «100 нақты қадам» Ұлт жоспары жүзеге асырылып жатқанын сөз етті. Қазақстанның үшінші жаңғыруын жариялад, оның бес басымдығын айқындалап алдық. Конституцияға реформалар жасап, саяси жаңғыруды жүзеге асырып жатырмыз. Жаңа ұрпақты қалыптастыруға бағытталған алты бағыт бойынша жұмыс жүргізіледі. Мұның біріншісі – қазақ тілін латын алфавитіне көшіру. Бұл – ана тіліміздің жаһандық ғылым мен білімге бірігуін, әлем қазақтарының рухани тұтастығын қалыптастыратын бірегей қадам. Үкімет шетте жүрген және елге көшіп келген ағайындарды қолдау үшін «Отандастар» қорын құруы керек және іскер қазақстандықтар осы қорға қолдау көрсету керек деді Елбасы.



Нұрсұлтан Назарбаев осы сөздің ынғайында «Тұған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» секілді жобаларға ерекше тоқталды. Елбасы осы орайда «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарлама аясында гуманитарлық бағыттағы ең үздік 100 окулық қазақ тілінде шығарылатынын атап өтті. Бұл біздің отандастарымыз ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүниежүзіндегі қазақтары үшін маңызды жоба болмақ. Енді қандастарымыз қай елде тұрганына қарамастан, дүниедегі ең таңдаулы біліммен ана тілінде сузындей алатын болады деді Мемлекет басшысы. Жарыссөз басталғанда мінбеге бірінші болып Монғолия ауылшаруашылығы университеті ғылыми-зерттеу орталығының директоры Бекей Ағыпарұлы көтерілді. Ол өзінің сөзін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа қарата бастады.

– Мен Монғолияның астанасы – Улан-батор қаласында тұрамын. Елден жырақта жүрсек те, атамекендегі әрбір жаңалыққа елеңдеп, құлақ түріп, әрдайым тілекtes болып отырамыз, – деді ол сөзінің кіріспесінде. – Айтатыны жок, биылғы жыл Қазақстан үшін үлкен бетбұрыстар жылы болды. Сіз небәрі жарты жылдың ішінде елді құрт өзгеретін үш түрлі бастама көтердіңіз. Бірінші – жыл сайынғы халыққа дәстүрлі Жолдауыныздың биылғы нұсқасында Қазақстанның үшінші жаңғыруын бастадыңыз. Ол – ел экономикасын жаңа салалық деңгейге көтеретін бірегей қадам. Екінші – конституциялық реформалар жасау арқылы саяси жаңғыртуды жүзеге асырдыңыз. Бұл Сіздің ел болашағын ойлайтын кемелдігінізді танытты. Үшінші – қоғамдық сананы түбегейлі өзгерту үшін рухани жаңғыртуды қолға алдыңыз. Бұл үш қадам Қазақстанның болашағы баянды болатынын көрсетеді. Біз бұған марқаямыз.



– Сыртта жүрген қазақтар қай заманнан да өздерінің ата-бабаларының бейіті жатқан, іздері қалған атамекенін іздейді, – деді келесі кезекте сөз алған Батыс Қазақстан облысындағы «Карповский Северный» ЖШС бас директоры Қайролла Қасенов. – Ресейдің Түмен облысында туып-өскен мен үшін де үшқан құстың қанаты талатын қазақтың ұшы-қырысыз даласы ерекше ыстық. Біздің ата-бабаларымыз бір кездері Солтүстік Қазақстан облысының далаларында өмір сүрген екен. Менің өзім осында келгелі қазақ баласы үшін Қазақстанның кез келген түкпірі өзінің туған жеріндегі екеніне көз жеткіздім.

Бұдан кейін сөздің тізгінін Миландағы (Италия) Бокони университетінің лекторы, МРА магистрлік бағдарламасының директоры Эйгерім Болатқызы алды.

– Сіздің Жолдауызындағы 3 тілде білім беру бағдарламасын өз басым қолдаймын. Өйткені бұл қазақ жастарының XXI ғасырда күн сайын өзгеріп жататын талаптарына бейімдейді, – деді ол Елбасына қарап. – Мен өзім Монголияда өмірге келдім, Чехия мен Сингапурда білім алдым. Қазір Сингапур мен Италияда кезек тұрып жатырын. Әлемнің 7 тілінде сөйлеймін. Ағам Түркияда, інім Ресейде оқып білім алды. Қазір екеуі де Қазақстанда қызмет етеді. Бірақ қайда болсақ та, қазаки болмысымызды, ата дәстүріміз бен ана тілімізді берік сақтап келеміз. Себебі қанымыз қазақ, жанымыз қазақ.



Әйгерім сөзінің сонында шетелдегі қазақ жастары дүниежүзілік стандартқа негізделген Назарбаев университетінде көптеп білім алса еken деген тілегін де жеткізді.

– Мен бір кездері ауа көшкен Алтай қазақтарының ұрпағымын. Біздің аталарымыз Германия жерінде мәңгіле дамылдаған жатыр, – деп сөз бастады Парижден (Франция) келген жеке кәсіпкер Мехмед Зенгин. – Қазір Түркия мен Еуропаның қазақтары өздерінің ата кәсіптері – тері өндеу кәсіпшілігінде жұмыс жасайды. Онда Алтай қазақтарының өз қолтанбасы бар. Сонымен бірге, Еуропа қазақтары ұлттық дәстүрге айналдырған тағы бір кәсіп түрі бар. Мен осы тоқыма кәсіпшілігімен айналысамын. Біздің фирмалар бүгіндегі Еуропа мен Африка елдерінде жұмыс істейді. Сол арқылы 150 адамға жұмыс тауып беріп отырмын. Осындай кәсібімді қазақ жерінде де жалғастырғым келеді. Осыған байланысты менің де ұсынысым болып тұр. Биыл Алматыда тоқыма өнеркәсібінің көрмесі өтті. Оған мен де қатыстым. Көрмеден кейін отанымға пайдаланағанда әкелуге шешім қабылдадым. Бірақ бұл біршама қызын шаруа еken. Біз өзімізге ерекше жағдай жасалуы керек деп есептемейміз. Алайда басқа жүртқа қарағанда, қазақ кәсіпкерлеріне белгілі бір мөлшерде жеңілдіктер қарастырылуы керек деп ойлаймын.

Париждік кәсіпкердің бұл тілегіне Елбасы бірден үн қосты. Нұрсұлтан Назарбаев сол жерде Премьер-министрдің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрі Аскар Мырзахметовті орнынан тұрғызып, Мехмед Зенгиннің елімізде кәсіпшілігін ашуына қолдан келетін барлық жағдайды жасауды тапсырды.



Бұдан кейін «Егемен Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі, Австралияның Брисбен қаласындағы халықаралық компанияның маманы Анар Ұлықпан, Ирландиядағы Дублин университетінің оқытушысы Әзгежан Кесиджи, Өзбекстан қазақ ұлттық мәдени орталығының төрағасы Серіkbай Үсенов, германиялық кәсіпкер Алтын Өмірхан шығып сөйлемеді. Ал ақын Даuletkerей Кәпүлұ құрылтайға арналған өлеңін оқыды.

Бұдан кейін «Егемен Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі, Австралияның Брисбен қаласындағы халықаралық компанияның маманы Анар Ұлықпан, Ирландиядағы Дублин университетінің оқытушысы Өзгежан Кесиджи, Өзбекстан қазақ ұлттық мәдени орталығының төрағасы Серікбай Үсенов, германиялық кәсіпкер Алтын Әмірхан шығып сөйледі. Ал ақын Дәuletкереј Қәпұлы құрылтайға арналған өлеңін оқыды.



Құрылтайды Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Дүниежүзі қазақтары қауымдастырының Төрағасы болып қайта сайланды. Ал Зауытбек Тұрысбеков Дүниежүзі қазақтары қауымдастыры Төрағасының бірінші орынбасары болып сайланды. Мемлекет басшысы бұл қызметті 2004 жылдан бері атқарып келген Талғат Мамашовқа жемісті жұмысы үшін алғыс айтты. Алқалы басқосудан кейін құрылтай қонақтары «ЭКСПО-2017» көрмесімен танысты.

**Серік ПІРНАЗАР,
Азамат ЕСЕНЖОЛ,
Сұлтан СЕЙТОВ (фото)**